

Таким образом, результаты исследования показали, что уровень творческих способностей школьников повышается, если в процессе обучения на уроках технологии в 8 классе, будут применяться элементы аэродизайна и аппликации [4].

#### **Список литературы:**

1. Альтшуллер Г.С., Верткин И.М. Жизненная стратегия творческой личности. Беларусь: Беларусь, 2016 – 346 с.
2. Андреев В. И. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности. Казань, Идел-пресс, 2016 – 450 с.
3. Бадаев Г. В. Труд и творчество. М.:Академия, 2016. – 239 с.
4. Кириллова Г.Д. Теория и практика урока в условиях развивающего обучения. - М., Просвещение, 2010. - 159с.

УДК 512.55

### **КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА ЖОБАЛАП ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Сартай Б.Д.**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан

**Ғылыми жетекші: Абдимоминова Д.К.,**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан

**Аннотация:**Бұл мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде қалыптасқан әдіс-тәсілдердің бірі – жобалап оқыту технологиясы жайлы ақпараттар беріледі. Сондай-ақ, көркем еңбек сабақтарында жобалап оқытудың маңыздылығы туралы қарастырылады. Қазіргі кездегі оқытудың жаңа технологиясы бойынша көркем еңбек сабағында жобалап оқытудың тиімділігі мен балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыратындығы жайлы толығырақ ақпарат беріледі.

**Түйін сөздер:**Жобалау. Жобалап оқыту технологиясы. Көркем еңбек сабақтарында жобалап оқытудың маңызы.

**Аннотация:**В данной статье дается информация о технологии проектного обучения -одном из способов, сформированных на основе обновленной образовательной программы. Кроме того, на уроках художественного труда рассматривается важность проектного обучения. На уроках художественно-трудового обучения по новой технологии современного обучения дается полная информация об эффективности проектного обучения и повышении творческих способностей детей.

**Ключевые слова:**Проектирование. Технология проектного обучения. Значение проектного обучения на уроках художественного труда.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңында ең басты мақсат ретінде «ұлттық және жалпы адамзат құндылықтарының, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке адамның қалыптасуы, дамуы және кәсіби дамуы» алға қойылған.

Білім беру саласында жылдан жылға көптеген өзгерістер енгізіліп, жаңашыл білім беру әдістері қалыптастырылып жатыр. Еліміздің ертеңі – болашақ жастарымыз болғандықтан, ЖОО-да білім беру сапасы да соған орай өзгеріп отыр. Қазіргі таңда еліміздегі кейбір жоғарғы оқу орындарында, колледждерде оқып жүрген студенттер, үш тілді жетік меңгеріп, мектеп оқушыларына жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес білім беруге дайындық үстінде.

Жаңартылған білім беру аясында дүниеге келген «Көркем еңбек» пәнін оқытуда білім беру ұйымдары оқушылардың қалай «білім алуды үйрену» керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, зерделі, дамыған шығармашыл тұлға болу қағидасын ұстанады.

«Көркем еңбек» пәні елестету мен бақылау қабілетін, кеңістіктік және көру елесі қабілетін қамтамасыз ететін, әртүрлі шығармашылық әрекет барысында, көркем-технологиялық білімдерді, қабілеттер және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Түрлі материалдармен жұмыс істеу оқушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, фантазиясы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді [1].

Заман ағымына сай «Көркем еңбек» пәнінде көптеген жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер қолданылады. Соның бірі – жобалап оқыту технологиясы.

«Көркем еңбек» сабағында жобалау әдісін қолдану.

*Жобалау* - арнайы сызбалардан, суреттерден жасалатын заттың технологиялық картасынан жасалады. Алдымен бұйымдарды жасау барысында, есеп, экономикалық немесе экологиялық дәлелді ақпараттарды пайдаланылады [4].

Соңғы кездегі жобалап оқыту технологиясының өмірге келуі - педагогикалық технология оқыту проблемаларын, тәрбиелеу мәселелерін шешуді технологияландыру мәселесінің туындауына байланысты болды.

Жобалап оқытудың әдісі – қандай да бір түрде безендірілген, нақты, айтарлықтай тәжірибелік нәтижемен аяқталуы тиіс. Жобалап оқыту арқылы проблеманы толық өңдеу арқылы дидактикалық мақсаттарға жетуге болады. Жобалап оқыту технологиясын қолданатын педагогикалық үдерістегі – оқу қызметтері, оқыту әдістері мен тәсілдері, оқытудың формасы мен техникалық құралдары көркем еңбек пәнінің дидактикалық негіздерімен байланыста қаралады.

Осылайша, жобалап оқыту технологиясын қолдана отырып, проблемалық тақырыптың мазмұнын ашуда, пікірталасқа түсуде, өзіндік ойларын ғылыми дәлелдеудегі мұндай оқу ынтымақтастығын тудыратын топтық, жұптық жұмыстардың мүмкіндіктері мен тиімділігі орасан зор [2. 204б].

Жобалап оқыту технологиясы арқылы «Көркем еңбек» пәнін меңгертудің ережесі мынадай:

- тақырып оқушының қызығушылығын арттыруы және (жобалық) оқу бағдарламасының талабына сәйкес болуы керек.
- жобалап оқытуда бағдарламасында оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі бағыт беруші болуы тиіс;
- жобалап оқыту барысында оқушылардың бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады.

Сонымен бірге, оқушы жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспарын жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырыптың ауқымы кең және ашық болуы қажет; жобаны қорғау жұп болып және топ болып орындалуы қажет.

Осылай топпен жұмыс жасау тұлғаның шығармашылық белсенділігін арттыруға, топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді [3. 50-54с].

Жобаны зерттеуді сыныптан тыс сабақтарда өткізген тиімді болады. Жобалап оқыту әдісі – оқушылардың зерттеу жұмыстары әдісі болып табылады.

Жобаны орындау мынадай кезеңдерден тұрады:

Біріншіден, көркем еңбек пәнінен жобалық тапсырманы және оның тақырыбын таңдап алуы керек. Жобаның тақырыбын жіктеп бөліп, оларды оқушыларға тақырып бойынша бөліп беруі қажет.

Екіншіден, оқушылар арасында шығармашылық топтар құруы және топтағы оқушылар өзара бірлесіп жұмыс істеуі үшін олармен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуі қажет.

Үшіншіден, жоба жұмыстарына қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау қажет. Сұрақтарға дұрыс жауаптар алу үшін командаларға тапсырмалар беріп, қажетті әдебиеттерді таңдауы керек.

Төртіншіден, оқушылар жобаны орындайды. Мұғалім оқушылар жұмысын ұйымдастырады, кеңес береді, олардың іс-әрекетін мадақтап отырады. Жобалап барысында оқушылар іздену, тану, әрекет жасау жұмыстарын орындайды.

Бесіншіден, Дайын болған жобаларын көрсетіп, қажет жағдайда жобалау жұмысына ішінара түзетулер жасайды.

Алтыншыдан, атқарылған жұмыстардың қорытындысымен жұртшылықты таныстыру (презентация). Мұғалім зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады. Мысалы зерттеу кезінде жоғары сынып оқушыларын немесе ата-аналарды шақыруға болады.

Жетіншіден, орындалған жұмысты талдап, бағалайды және кері байланыс жасайды. Мұғалім балалардың іс-әрекетін педагогикалық тұрғыда бағалап, балалардың ынта-ықыласын, қызығушылығын ескереді.

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде, өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа модельдерді көп қолданған жөн. «Көркем еңбек» пәні мұғалімі жаңа технологияларды меңгеріп, пәнаралық байланыс, кірістіру сабақтарын кеңінен қолдануы қажет. Себебі, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс - әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын тигізе алады.

Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепте іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады.

Қорыта келе, қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жобалап оқыту технологиясын меңгеру мұғалімнің интеллектуальдық, кәсіби, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытуда оқушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жобалап оқыту технологиясы да көп мүмкіндіктерге ие. Көркем еңбек сабақтарында жобалап оқыту үрдісі негізінде оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдауы, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту болып табылады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. <http://orleupvl.kz/kz/na-kursax/1819-2018-07-09-08-27-15>
2. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. – Алматы. 2007, 204 б.
3. Пахомава Н.Ю. Проектное обучение – что это?// Методист. №1, 2004, 50-54сс.
4. Әбдіғалиева Ш. Мектептегі технология. - Алматы кітап. 2004,

УДК 512.55

### **Көркем еңбек сабағында ұлттық бұйымдар жасатудың алатын орны**

**Сейлхан А.Ж.**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан